



«АККРЕДИТТЕУ ЖӘНЕ РЕЙТИНГТІҢ
ТӘУЕЛСІЗ АГЕНТТІГІ» КЕМ

НУ «НЕЗАВИСИМОЕ АГЕНТСТВО
АККРЕДИТАЦИИ И РЕЙТИНГА»

INDEPENDENT AGENCY FOR
ACCREDITATION AND RATING

ЕСЕП

«Абу Али Ибн Сина медициналық колледжі» ЖШС 03.01.013 «Фельдшер» біліктілігін тағайындайтын 03.01.000 «Емдеу ісі» білім бағдарламасын 2018 жылдың 19-21 сәуірі аралығында мамандандырылған аккредиттеу стандарттарының талаптарына сәйкестігін бағалау бойынша сыртқы сараптамалық комиссия жұмысының нәтижелері жөніндегі

Сарыағаш 2018

АККРЕДИТТЕУ ЖӘНЕ РЕЙТИНГЛЕУДІҢ ТӘУЕЛСІЗ АГЕНТТІГІ
Сыртқы сараптау комиссиясы

*НААР Аккредиттеу
кеңесіне бағытталады*



Независимое агентство
аккредитации и рейтинга

**«Абу Али Ибн Сина медициналық колледжі» ЖШС 03.01.013 «Фельдшер»
біліктілігін тағайындайтын 03.01.000 «Емдеу ісі» білім бағдарламасын 2018 жылдың
19-21 сәуірі аралығында мамандандырылған аккредиттеу стандарттарының
талаптарына сәйкестігін бағалау бойынша сыртқы сараптамалық комиссия
жұмысының нәтижелері жөніндегі
ЕСЕБІ**

МАЗМҰНЫ

(I) БЕЛГІЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР ТІЗІМІ.....	3
(II) КІРІСПЕ	4
(III) БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМЫН ТАНЫСТЫРУ	5
(IV) ССК КЕЛУ СИПАТТАМАСЫ.....	6
(V) АККРЕДИТТЕУДІҢ АЛДЫҒЫ ІС-ШАРАЛАРЫН СИПАТТАУ	8
(VI) МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН АККРЕДИТТЕУ СТАНДАРТТАРЫНА СӘЙКЕСТІГІ	8
6.1. «Міндет және жетекшілік» стандарты.....	8
6.2. «Білім бағдарламасы» стандарты.....	10
6.3. «Білім бағдарламасының тиімділігі» стандарты	11
6.4. «Оқытушылар және білім беру тиімділігі» стандарты	13
6.5. «Білім алушылар» стандарты.....	15
6.6. «Білім беру ресурстары» стандарты	17
(VII) ӘРБІР СТАНДАРТ БОЙЫНША КҮШТІ ЖАҚТАРДЫ /ҮЗДІК ІС-ТӘЖІРИБЕНІ ШОЛУ	19
(VIII) САПАНЫ ЖАҚСARTУ БОЙЫНША ҰСЫНЫСТАРДЫ ШОЛУ	21
(IX) БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМЫН ДАМУ ТУ БОЙЫНША ҰСЫНЫСТАРДЫ ШОЛУ	21
Қосымша 1. «МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН БЕЙІНДІК ПАРАМЕТРЛЕРІ» бағалау кестесі	22

арта

(I) БЕЛГІЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР ТІЗІМІ

МЖМБС-Мемлекеттік жалпыға міндетті білім стандарты
ҚМА-Қорытынды мемлекеттік аттестаттау
МҰ-Медициналық ұйым
ТЖКБ-Техникалық және кәсіптік білім беру
ЖОБ-Жұмыс оқу бағдарламасы
ЖОЖ-Жұмыс оқу жоспары
ТОБ-Типтік оқу бағдарламасы
ТОЖ-Типтік оқу жоспары
КТЖ-Күнтізбелік-тақырыптық жоспар
СМЖ-Сапа менеджменті жүйесі
ОЖ-Оқу жұмысы
ӨО-Өндірістік оқыту
КТ-Кәсіптік тәжірибе
ББ-Білім бағдарламасы
ОӘК-Оқу-әдістемелік кешен
ПОӘК-Пәннің оқу әдістемелік кешені
ЦӘК-Циклдық-әдістемелік комиссия
ЖК-Жеке компьютерлер
АҚТ-Ақпараттық-қатысымдық технологиялар
ПҚ-Педагогикалық құрам
СЕЖН-Санитарлық ережелер мен нормалар
ФАП-Фельдшерлік-акушерлік пункт
ӘЭП- Әлеуметтік-экономикалық пәндер
ЖББП-Жалпы білім беретін пәндер
ЖГП-Жалпы гуманитарлық пәндер

Кіріспе

НААР №22-18-ОД 2018 жылдың 6 наурызындағы бұйрығымен сәйкестікте техникалық және кәсіби білім беру қызметімен «Абу Али Ибн Сина» Медициналық колледжі» мекемесіне 2018 жылдың 19-21 сәуірі аралығында сыртқы сараптамалық комиссия тексеруі жүргізілді. 0301013- «Фельдшер» біліктілігін тағайындайтын 0301000- «Емдеу ісі» білім бағдарламасының мамандандырылған НААР аккредиттеу стандарттарына сәйкестігіне бағалау жүргізілді.

ССК құрамы:

Комиссия төрағасы – Ердесова Гульнар Казтаевна, Алматы қаласы Денсаулық сақтау Басқармасы «Медициналық колледжі» ШЖҚ МҚК сапа менеджменті жүйесі бөлімінің жетекшісі (Алматы);

Сарапшы – Нурланова Рысты Берекеловна, ҚР ДСМ орта медициналық және фармацевтикалық жұмыскерлерді даярлау мен қайта даярлау бойынша РМК «Республикалық жоғары медициналық колледжі ЖШС» кеңесшісі (Алматы);

Сарапшы – Смакова Сауле Социаловна, «Медико-техникалық колледж» ЖШС СМЖ жетекшісі (Астана);

Сарапшы – Байдильдаева Меруерт Булатовна, «Интердент» медициналық колледжі » ЖШС оқу-тәжірибе жұмыстары бойынша директордың орынбасары (Алматы);

Жұмыс беруші – Одаманов Муратхан Алимханович, Сарыағаш Орталық аудандық ауруханасы МҚК бас дәрігерінің орынбасары (Сарыағаш);

Студент – Гладышев Руслан Вениаминович, «Арыстанбаб» Оңтүстік қазақстан колледжінің «Емдеу ісі» мамандығының 2 курс студенті (Сарыағаш);

Агенттік бақылаушысы – Джакенова Алиса Сатбековна, Агенттіктің медициналық жобаларының жетекшісі (Астана).

ССК есебі білім беру ұйымының ұсынылған білім бағдарламаларының НААР өлшемдеріне сәйкестігін бағалаудан, білім бағдарламаларын ары қарай жетілдіру бойынша ССК ұсыныстарынан және білім бағдарламаларының бейіндік параметрлерінен тұрады.

(III) БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМЫН ТАНЫСТЫРУ

«Абу Али Ибн Сина Медициналық колледжі» ЖШС білім беру қызметін 0301000 «Емдеу ісі» мамандығы бойынша 2011 жылдың 27 қаңтарынан бастап және 2010 жылдың 10 қарашасынан берілген білім беру қызметінің мемлекеттік лицензиясына сай жүзеге асырып келеді. Лицензия номері мен сериясы АБ № 0038383. Заңды мекен-жайдың өзгеруіне байланысты лицензия да өзгертілген. Қазіргі таңда 21.05.2014 ж бастап №14007055.

2018 жылдың қаңтар айынан бастап колледжде ISO 9001:2016 талаптарымен сәйкестіктегі орта медициналық және фармацевтикалық білім беру саласындағы мамандарды даярлау мен қайта даярлау бойынша білім беру қызметтерін әзірлеу мен ұсынуға қатысты сапа менеджменті жүйесі енгізілген. Колледждің заңды мекен-жайы: Оңтүстік Қазақстан облысы, Сарағаш қаласы, Самал мөлтекауданы, К. Монтаев көшесі, №11 үй. телефон/факс 8(72537) 2-95-71, e-mail: avicenna.1999@mail.ru, колледж сайтының мекен-жайы : www.aais.kz.

Мекемелік тиістілігі- Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау Министрлігі.

Меншік түрі-жауапкершілігі шектеулі серіктестік.

Медициналық колледж қызметі құрылтайшылық құжаттармен сәйкестікте жүзеге асырылады:

- Оңтүстік Қазақстан облысы Әділет басқармасындағы тіркелген "Абу Али Ибн Сина" медициналық колледжі Жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің Жарғысы;
- Оңтүстік Қазақстан облысы әділет Басқармасынан берілген №1 форма бойынша статистикалық карточкасы;

- Бизнес –идентификациялық номер куәлігі: 100640010287;

- 2,0 га жалпы алаңы бар жерді тұрақты пайдалану құқығына кадастрлық № 19-306-012-328, жер теліміне меншік құқығының актісі.

Өкілетті орган Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің денсаулық сақтау Басқармасы болып табылады.

Санитарлық-эпидемиологиялық қызмет және оқу корпусын пайдалану үшін мемлекеттік өртті бақылау тұжырымдамасы бар.

Мамандарды даярлау 2011 жылдан бастап «Мейірбике ісі», «Емдеу ісі» мамандықтары бойынша және 2017 жылдан бастап «Фармация» мамандығы бойынша тек мемлекеттік тілде жүргізілуде. Оқыту негізгі және орта жалпы білім базасында күндізгі оқыту формасы бойынша жүргізіледі.

Колледжді мемлекеттік аттестаттау 2014 жылы Қазақстан республикасы денсаулық сақтау және әлеуметтік даму Министрлігінің медициналық және фармацевтикалық қызметтерді бақылау Комитеті төрағасының 16.09.2014 ж №591 «Абу Али Ибн Сина Медициналық колледжі» Жауапкершілігі шектеуші серіктестігіне мемлекеттік аттестаттауды жүргізу жөніндегі» бұйрығымен сәйкестікте жүргізілген болатын. Колледж 03.10.2014 ж №641 «Абу Али Ибн Сина Медициналық колледжі» Жауапкершілігі шектеулі серіктестігін мемлекеттік аттестаттау қорытындылары жөніндегі» бұйрығы негізінде 5 жылға аттестатталды.

Оқу үдерісін ұйымдастыру жалпы алаңы 2896 м² болып табылатын 2 қабатты жеке ғимаратта жүзеге асырылады, бір білім алушыға есептегенде 6,0 шаршы метрді құрайды, бұл ҚР Мемлекеттік стандарттарының оқу ғимараттарына қойылатын талаптарына сәйкес келеді.

Колледж 100 орыннан тұратын акт залына ие, мұнда мәдени көпшілік іс-шаралары өткізіледі, кондай-ақ медициналық пункт, 100 орынға арналған асхана бар. Асхана қажетті асханалық жабдықтармен (электрлі пештер, тоңазытқыштар, тоңазыру сөрелері, ыдыстар) жасақталған.


Колледждің мұқтаж студенттерге арналған 38 орындық, жалпы алаңы 197, 16 шаршы метр болып табылатын жатақханасы бар.

Колледжде жалпы алаңы 31,0 шаршы метр болып табылатын медициналық пункті

де бар. Медициналық қызмет көрсету (Сарыағаш аудандық емханасы) МҚК келісімшарт негізінде жүзеге асырылады. Кәсіптік оқытуды ұйымдастыру үшін ҚР МЖМБС сәйкестікте 18 кабинеті мен 2 зертханасы ашылған және қызмет көрсетуде. Олардың жинақталуы тұтастай колледжі жабдықтау табелімен сәйкестікте 86,6 %.

Колледжде компьютерлік және интерактивті техника жеткілікті көлемнен табылады, компьютерлердің жалпы саны 77, барлық 77 компьютер Интернет желісіне қосылған. 3 интерактивті тақта, 2 бейнепроектор, 2 компьютерлік сынып бар.

Зертханалық жабдықтарды, оқу аспаптарын, техникалық және көрнекі құралдарды иеленуге жұмсалған қаржы көлемі соңғы 5 жыл ішінде 30080000 теңгені құрайды.



Кабинеттер мен зертханаларды орналастыруға бөлінген бөлмелер санитарлық-гигиеналық талаптарға, онда сабақ оқитын білім алушылар санына қойылатын талаптарға сай, табельде қарастырылған оқу жабдықтары мен арнайы жиһаздар орналастырылған, тәжірибелік және зертханалық жұмыстарды жүргізу кезіндегі қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға мүмкіндік береді. Клиникалыққа дейінгі іс-тәжірибенің барлық кабинеттерінің безендірілуі болашақ маманның жұмыс орны құрылымына ыңғайластырылған.

Оқу, оқу өндірістік және кәсіби іс-тәжірибені өткізу үшін колледж Сарыағаш қаласы мен Сарыағаш ауданының емдеу-сауықтыру мекемелерінің жетекшілермен келісімшарттар бекітілген. Базалық-медициналық ұйымдармен тығыз байланыс орнатылған.

Оқу кабинеттері әрекет етуші санитарлық нормативтерге, өртке қарсы қауіпсіздік талаптарына, сондай-ақ білім беру ұйымының білім беру қызметін лицензиялау кезінде қойылатын біліктілік талаптарына сай келеді, бұл ҚР Мемлекеттік жалпыға міндетті білім стандарттарында қарастырылған оқу жоспарлары мен бағдарламаларын орындауды қамтамасыз етеді.

Колледжде студенттерді әлеуметтік қорғау бойынша жоспарлы жұмыс жүргізілуде.

Колледждегі білім алушылар контингенті 483 студентті құрайды, оның ішінде қазақ тілінде 483.

0302000 «Мейірбике ісі»- мамандығында білім алатын студенттер контингенті 288.

Қазіргі таңда педагогикалық үдерісті 50 оқытушы жүзеге асырады, оның ішінде штаттағылары 35, бұл 70,0%. Колледж оқытушылары сәйкес базалық білімге ие.

Штаттағы оқытушылар ішінен: жоғары және бірінші біліктілік санатына 14 адам (52%), екінші санатқа -14 адам (28,0%) ие, мемлекеттік тілде 50 оқытушы сабақ жүргізеді. Академиялық дәрежеге 2 адам ие (5.7%)

Кесте 1 - Бітірушілердің мамандық бойынша жұмысқа орналасуы

№	Біліктілік атауы	2017		
		Барлық бітірушілер	Оның ішінде жұмысқа орналасқаны	Мамандық бойынша %
1	0301000 – Емдеу ісі	67	45	67.1%
1.1	0301013- «Фельдшер» біліктілігі	67	45	67.1%
2	0302000 –Мейірбике ісі	107	71	66.3%
2.1	0302033 – «Жалпы тәжірибедегі мейірбике» біліктілігі	107	71	66.3%

(ІҮ) ССК КЕЛУ СИПАТТАМАСЫ

ССК жұмысы 2018 жылдың 19-21 сәуірі аралығында «Абу Али Ибн Сина» медициналық колледжі мекемесіндегі білім бағдарламаларын институционалды және мамандандырылған аккредиттеудің білім бағдарламалары бойынша сараптау комиссиясының келу Бағдарламасы негізінде жүзеге асырылды.

Білім бағдарламасының және колледждің тұтастай инфрақұрылымының сапасы жөніндегі шынайы ақпараттарды алу, өзін-өзі бағалау жөніндегі есептер мазмұнын нақтылау үшін директормен, оқу жұмысы жөніндегі директор орынбасарымен, тәрбие жұмысы бойынша директор орынбасарымен, оқу-өндірістік жұмыстар бойынша директор орынбасарымен, кадр бөлімі бастығымен, әліскермен, әдістемелік кабинет меңгерушісімен, бас есепшімен, оқытушылармен, студенттермен, бітірушілермен, жұмыс берушілермен және студенттердің ата-аналарымен кездесулер өткізілді. Кездесулерде 336 адам қатысты.

Кесте 2 - Кездесуге қатысушылардың саны мен санаты жөніндегі мәліметтер

Қатысушылар санаты	Саны
Директор	1
Директор орынбасары	3
Бөлім меңгерушілері	7
Бас есепші	1
Кадр бөлімі бастығы	1
Оқытушылар	56
Студенттер	234
Бітірушілер	15
Жұмыс берушілер, әлеуметтік серіктестер	11
Студенттердің ата-аналары	7
Барлығы	336

ССК жұмысы барысында колледж инфрақұрылымына шолу жүргізілді: оқу дәрісханалары, компьютерлік сыныптар, кітапхана, оқырман залы, жаттығу залы, медициналық пункт, тамақтану пункті, клиникаға дейінгі тәжірибе кабинеттері. Сондай-ақ циклдық-әдістемелік комиссияның аккредиттелетін білім бағдарламаларын іске асыратын бөлімшелердің құжаттамалары қарастырылды. Аккредиттелетін бағдарламаларды тәжірибелік оқыту базалары тексерілді: Қағығұрт аудандық ауруханасы МҚК, Сарыағаш орталық ауруханасы МҚК, «Әсел» шипажайы ЖШС, «Көктерек» шипажайы ЖШС, «Арман» шипажайы АҚ, «Окси» шипажайы ЖШС; Абай ауылы ауруханасы МҚК, «Жанұзақова Б» ЖК; «Аманат» ЖШС, «Қасымфарм групп» ЖШС, «АсылфармCompanу»

ЖШС; «Нурболат» ӨК.

Халықаралық келісімшарттар

«Central Cardio Service» ООО; МЧЖ «Cardio star plus» Узбекистан

(Ү) АККРЕДИТТЕУДІҢ АЛДЫҢҒЫ ІС-ШАРАЛАРЫН СИПАТТАУ

Бұрын бұл оқу орнында аккредиттеу жүргізілмеген.

(ҮІ) МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН АККРЕДИТТЕУ СТАНДАРТТАРЫНА СӘЙКЕСТІГІ

6.1 «Міндет және жетекшілік» стандарты

Дәлелдеу бөлімі

0301013-«Фельдшер» біліктілігін тағайындайтын 0301000 – «Емдеу ісі» білім бағдарламасы «Абу Али Ибн Сина» Медициналық колледжінің міндеттері мен мақсаттарына сай келеді. Ол болашақ мамандардың кәсіптік және тұлғалық дамуын қамтамасыз ететін сапалы білім беру қызметтерін ұсынуға бағытталған.

«Абу Али Ибн Сина» Медициналық колледжі ЖШС (ары қарай колледж) қызметі колледж миссиясын іске асыруға бағытталған. Миссия колледждің даму Бағдарламасымен сәйкестендірілген. Стратегиялық мақсаттар мен міндеттер колледж қызметінің мақсаттары мен міндеттеріне сай.

Білім бағдарламаларының мақсаттарын іске асыру үшін колледж білім алушылар контингентімен сәйкестікте жабдықталған жеткілікті материалдық техникалық базаға, компьютерлік және желілік инфрақұрылымға, тұрақты қаржылық жағдайға, біліктендірілген педагогикалық құрамға, жақсы оқу-әдістемелік базаға, білімгерлерге арналған қолайлы әлеуметтік жағдайларға ие.

Колледждің міндеттері, миссиясы мен стратегиялық мақсаты білім берудің ұлттық жүйесінің мақсаттарына, міндеттері мен басымдықтарына сай келеді, бұл колледждің Қазақстан халқына сапалы медициналық қызметтерді көрсету үшін мамандарды даярлау деңгейін тұрақты жоғарылатуға ұмтылысынан көрінеді.

Колледж педагогикалық ұжым мен жұмыспен қамтушыларды ББ дамыту жоспарын қалыптастыруға тартады. Жұмыспен қамтушылар мүдделерін ескеру мамандарды даярлау мақсаттарын анықтау деңгейінде жатады. Жұмыспен қамтушылар жыл сайын мамандарға деген өз мұқтаждықтарын және оларды даярлаудағы талаптарды қалыптастырады.

Жұмыспен қамтушылар жыл сайын өздерінің мамандарға және оларды даярлауға қойылатын талаптардағы өз мұқтаждықтарын қалыптастырады.

Жұмыспен қамтушылар тәжірибелік денсаулық сақтау мұқтаждықтарын есепке ала отырып мамандық бойынша жұмыс оқу жоспарларын түзету үдерісіне белсенді қосылады, өзгерістер бойынша өз ұсыныстарын енгізеді. Жұмыспен қамтушылар тарапынан мемлекеттік аттестаттау комиссиясының жұмысына қатысу үшін әдістемелік бөлім қызметкерлерінің кандидатурасы ұсынылады.

Колледжде ББ дамыту жоспарын қалыптастыру кезіндегі үдерістердің айқындығы байқалады. ББ даму жоспарының мазмұны жөніндегі ақпараттар мүдделі тұлғаларға жеткізіледі.

ББ дамыту жоспарын қалыптастыру мен тұрақты қарастыру және оны жүзеге асыруды бақылау білім беру ұйымында жүргізіледі.

Осы оқу орны ББ іске асыру жөніндегі ақпараттарды талдайды және ББ дамыту жоспарын қайта қарастырады.

Мамандықтың ББ дамыту жоспары айқындалған кемшіліктерді, ескертулер мен

ұсыныстарды есепке ала отырып барлық мүдделі тұлғалардың өкілдерімен көпшілік алдында талқылау жүргізеді, түзетеді, түзету енгізеді.

Бақылау шеңберінде өзіне-өзі білім беру бойынша жұмыс жоспарлары мен жеке жоспарлардың орындалуына бағалау жүргізіледі. Әрбір жарты жылдық бойында колледж қызметінің негізгі көрсеткіштерінің орындалуына бақылау мен талдау жүргізіледі. Тексеру нәтижелері бойынша айқындалған сәйкессіздіктердің алдағы уақытта пайда болу мүмкіндіктерінің алдын алуға бағытталған түзетуші іс-әрекеттер әзірленеді.

Колледжде ББ іске асырылуын реттестіретін барлық құрылымдық бөлімшелер құжаттамаланған. Колледждің әрбір қызметкері өз міндеттемелерін, функциялары мен құқықтарын біледі. Сапалы білім беру қызметтерін көрсету үшін колледж Мемлекеттік реестрде (2018 жылдың 4 сәуірі) тіркелген сапа менеджменті бойынша сертификаттаудан өтеді.

Бұл ұйымда осы үдерісті реттестіретін бағдарламалар мен құжаттарды бекіту, мерзімдік ризензиялау, қайта қарастыру және бақылау тәртібі жүргізіледі.

Білім алушыларға, жұмыскерлер мен мүдделі тұлғаларға бағытталған тиімді қызмет көрсету мен ақпараттандыру жүйесінің, кері байланыстың болуы қамтамасыз етіледі, ББ сапасын қамтамасыз ету жүйелерінің қызмет етуі әйгіленеді.

Колледжде сыртқы және ішкі ортаны талдау жүргізілдеді. Оқытушылардың, студенттердің қанағаттанушылық дәрежесі социологиялық бақылау барысында анықталады. Бақылау анықталған талаптармен сәйкестікте ұйымдастырылып өткізіледі. Колледждегі сауалнама және сұрастыру жұмыстары мұғалімдердің кәсіби өызметінің сапасы жөніндегі, басқарушылық қызмет жөніндегі және басқа да білім беру үдерісінің маңызды мәселелері жөніндегі студенттердің, бітірушілердің, жұмыспен қамтушылар мен оқытушылардың пікірін анықтау мақсатында жүргізіледі.

Колледждің сапа саласындағы саясаты білім беру және медициналық қызметтер нарығындағы колледждің бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етуге бағытталған, ол медицина мамандарын даярлау кезіндегі инновациялық әдістері мен технологияларды енгізуге негізделеді. Сапа саласындағы колледж саясаты инновациялық әдістер мен технологияларды енгізуге негізделген білім беру және медициналық қызметтер нарығындағы колледждің бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етуге бағытталған.

ББ миссиясы, мақсаттары және білімгерлерді оқытудың күттілетін нәтижелері медициналық мамандықтар бойынша техникалық және кәсіптік білім берудің кәсіби стандарттарын ғана емес, сондай-ақ мүдделі тұлғалар мұқтаждығы мен қалалуларын да сипаттау үшін мерзімдік қарастырылып отырады.

Күшті жақтары/үздік жақтары

Күшті жақтарына мыналарды жатқызуға болады:

- «Абу Али Ибн Сина» медициналық колледжі ЖШС мүдделі тұлғалар тобы өкілдерін, оның ішінде білім алушыларды, педагогикалық ұжым мен жұмыспен қамтушыларды ББ дамыту жоспарын қалыптастыруға тартады.

- Колледж миссиясы, мақсаттары мен міндеттері, материалдық және интеллектуалдық ресурстарға, еңбек нарығы талаптарына толығымен сай келеді.

- ББ жетекшілігі білімгерлер, педагогикалық ұжым, ата-аналар, жұмыспен қамтушылар үшін ашықтығы мен қол жетімділігі дәлелдемесін әйгілейді.

Талдау бөлімі

«Міндет пен жетекшілік» стандарты бойынша ББ іске асыру табыстылығы барлық мүдделі тұлғалар үшін барынша айқын және сәйкесінше қолжетімді болуы тиіс. ББ

дамыту жоспарын жоспарлы, мақсатқа бағытталған және тиімді іске асыру негізінде анықталатындығын атап өткіміз келеді.

Осы колледжде мүдделі тұлғалар мен білімгерлердің мұқтаждықтарын ескере отырып ББ дамыту жоспарын тұрақты әзірлеу мен түзету енгізу жүргізіледі. ББ дамыту жоспарын әзірлеу кезінде колледждің даму стратегиясы мен ұлттық даму басымдықтарын үйлесімділігі орындалады.

Өлшемдер бойынша ССК тұжырымдары: (күшті/ қанағаттанарлық/ жақсартуды қажет етеді/ қанағаттанарлықсыз)

күшті-3

қанағаттанарлық –0

жақсарту қажет-0

қанағаттанарлықсыз-0

6.2 «Білім бағдарламасы» стандарты

Күшті жақтары/үздік тәжірибе

Күшті жақтарға мыналарды жатқызуға болады:

- ББ жетекшілігі оқу пәндерінің мазмұнында кәсіби контекстің болуын әйгілейді;
- ББ жетекшілігі теоретикалық және тәжірибелік бағытталған пәндер арасындағы тиімді балансты әйгілейді;
- Пән мазмұны мен тізімі білімгерлер үшін қолжетімді. Пәндер оқытылатын саладағы барлық сұрақтарды мәселелерді қарастырады;
- ББ құрылымында білім алушылардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, олардың негізгі және кәсіби құзыреттіліктерін дамытуға мүмкіндік беретін іс-әрекеттің алуан түрлері қарастырылған;
- ББ жетекшілігі дербес көмек жүйесінің болуы мен тиімді қызмет етуін және білім беру үдерісі мәселелері бойынша білімгерлерге кеңес беруді қамтамасыз етеді;
- Жетекшілік ББ тиімді меңгеру үшін жағдайлар құрады;
- ББ жетекшілігі ББ іске асыру кезінде білімгерлерге дербес қолдау көрсетуді әйгілейді;
- ББ жетекшілігі «Емдеу ісі» мамандығы бойынша оқу, оқу өндірістік және дипломалды іс-тәжірибеден өту мүмкіндігін «Фельдшер» біліктілігін қамтамасыз етеді, білім алушылардың, медициналық ұйым жетекшілері мен жұмыспен қамтушылардың қанағаттанушылығына бақылау жүргізеді.

Дәлелдеу бөлімі

Колледж оқу пәндерінің мазмұнын, көлемін, өзара байланысы логикасын жақсы анықтайды.

Мамандарды даярлау сапасы мен олардың кәсіби құзыреттіліктері әдістемелік бөлім жетекшілері тарапынан берілетін пікірлермен және мінездемелермен айғақталады.

ББ қалыптастыру кезінде білімгерлердің пікірі де ескеріледі. Типтік оқу жоспарымен және типтік оқу бағдарламаларымен сәйкестікте жұмыс оқу жоспарлары және жұмыс оқу бағдарламалары әзірленеді. Жұмыс оқу жоспарларының құрастыруда, МЖМБС, оқытушылар мен жұмыспен қамтушылардың пікірі негізге алынады. Типтік оқу жоспары сағат санын көрсете отырып міндетті пәндер тізімінен тұрады, базалық, бейіндік және жалпы білім беретін циклдағы пәндердің арақатынасын реттестіріп, пән көлемін анықтайды.

Оқу сабақтарын жүргізудің әралуан формалары (іскер ойындар, тренингтер,

пікірталастар, экскурсиялар) білім алушылардың кәсіби сапаларын қалыптастырады. Білім алушылардың кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыруға зертханалық және тәжірибелік жұмыс тапсырмаларының тақырыптары бағытталады. Студенттерді кәсіби даярлаудың тікелей құрамдас бөлігі болып табылатын кәсіби іс-тәжірибенің ролі өте жоғары.

Колледжде оқыту мемлекеттік тілде жүргізіледі. Білім беру үдерісі мәселелері бойынша білім алушыларға кеңес беру мен жеке көмек көрсетуі қадағаланады. Білім алушылар оқытушылардан кеңес алуға, сондай-ақ <http://www.aais.kz/> сайтында орналасқан директор блогына жазу және негіздемелі жауап алу мүмкіндігіне ие.

Талдау бөлігі

«Білім бағдарламасы» стандарты білім алушылардың миссиясымен, мақсаттарымен және күтілетін нәтижелермен сәйкестікте әзірленген. Білім бағдарламаларының мақсаттарын іске асыру үшін колледж білім алушылар контингентімен сәйкестікте жабдықталған жеткілікті материалдық техникалық базаға, компьютерлік және желілік инфрақұрылымға, тұрақты қаржылық жағдайға, біліктендірілген педагогикалық құрамға, жақсы оқу-әдістемелік базаға, білімгерлерге арналған қолайлы әлеуметтік жағдайларға ие.

Бітірушілерді қорытынды аттестаттау нәтижелері маман даярлау сапасын айғақтайды:

Оқу жылдары	Бітірушілер саны	Бітірушілер үлгерімі	Білім сапасы
2014-2015	71	100%	100%
2015-2016	76	97,3%	93,4%
2016-2017	67	100%	98,5%
Итого	214	99,1%	97,3%

ССК ұсыныстары

- ✓ Медициналық колледжге ББ іске асыру кезінде оқытудың заманауи қағидаларына негізделген оқыту әдістері мен білім беру әдістерін пайдалануды ұсынамыз.
- ✓ Анықталған базалық және кәсіби құзыреттіліктерді сипаттайтын және оқу әрекетіндегі нәтижелерге қол жеткізуді бағалайтын бағалау әдіснамасын жақсарту.
- ✓ ББ және кәсіби даярлықтың келесі кезеңдері (бакалавриат, мамандандыру) арасындағы байланыстарды жақсарту.

Өлшемдер бойынша ССК тұжырымдары: (күшті/ қанағаттанарлық/ жақсартуды қажет етеді/ қанағаттанарлықсыз)

күшті-8
 қанағаттанарлық –0
 жақсарту қажет-3
 қанағаттанарлықсыз-0

6.3 «Білім бағдарламасының тиімділігі» стандарты

Күшті жақтары/үздік жақтары

Күшті жақтарына мыналарды жатқызуға болады:

- ✓ ББ тиімділігінің көрсеткіштері тәжірибелік денсаулық сақтау талаптарын ескере отырып әзірленген;
- ✓ Тиімділікті бағалауда топтар мен курстар бойынша жүргізілетін білім алушылардың оқу жетістіктерін бақылау қызмет етеді;
- ✓ Колледжде оқу жоспарының орындалуын бақылауды қамтамасыз ететін ББ іске асыру тиімділігін бақылауға арналған үздіксіз механизм қалыптастырылған;
- ✓ Оқытушылар құрамын қалыптастыру білім беру қызметін лицензиялауға қойылатын біліктілік талаптарымен қатаң сәйкестікте жүргізіледі.

Дәлелдеуші бөлім

0301000-« Емдеу ісі» мамандығы бойынша оқытушылар құрамының саны 54 оқытушыны құрайды, оның ішінде штаттағылары 40, бұл 74,0%. Колледж оқытушылары сәйкес базалық білімге ие.

Штаттағы оқытушылар ішінен: жоғары және бірінші біліктілік санатына 27 адам (50%), екінші санатқа -15 адам (27,0%) ие, мемлекеттік тілде 54 оқытушы сабақ жүргізеді.

Соңғы 5 жылда біліктілікті жоғарылатудан өткендер:

№	Оқу жылдары	Біліктілікті жоғарылатудан өткендер саны
1	2013-2014	11
2	2014-2015	10
3	2015-2016	15
4	2016-2017	25
5	2017-2018	28
Барлығы		89

Оқытушылардың біліктілігін жоғарылату әралуан түрлерде жүзеге асырылады: «Өрлеу» ұлттық біліктілікті жоғарылату орталығы» акционерлік қоғамының филиалы жанындағы оқытушылардың біліктілігін жоғарылату курстары, педагогикалық жұмыскерлердің біліктілігін жоғарылату институты, жас оқытушыларға арналған педагогикалық шеберлікті жоғарылату мектептері, конференцияларға, семинарларға, қалалық, аймақтық, республикалық деңгейдегі педагогикалық шеберлік байқауларына қатысу.

Арнайы пәндер оқытушыларының біліктілігін жоғарылату қысқы демалыс мерзімінде білімгерлерді қала мен облыстағы тәжірибелік денсаулық сақтау саласындағы жетекші мекемелерде тағылымдамадан өткізу арқылы жүзеге асырылады, бұл біліктілікті жоғарылатудың бөлімдерінің бірі, қосымша кәсіби білім берудің дербес түрі болып табылады. Медициналық ұйымдарда оқытушылардың тағылымдамадан өткізу белгілі бір мамандыққа қойылатын заманауи талаптарды үнемі біліп жүруге жәрдемдеседі.

Арнайы пәндердің оқытушылары қажет болған жағдайда Қазақстан республикасының денсаулық сақтау министрлігі қоғамдық денсаулық сақтаудың Жоғарғы мектебіндегі, дәрігерлерді постдипломдық даярлаудың аймақтық институты жанындағы, республикалық жоғары медициналық колледж жанындағы біліктілікті жоғарылату курстарына қатысады.

Жұмыспен қамтушылармен сұхбат жүргізу нәтижелері білім бағдарламасының тиімділігін айғақтайды.

Талдау бөлімі

«Білім бағдарламасының тиімділігі» стандарты бойынша ББ іске асыру үшін оқытушылардың сандық және сапалық құрамының сәйкестігін, оқытушылар біліктілігін жоғарылатудың жоғары деңгейін және маман даярлаудың жеткілікті деңгейі жөніндегі деңгейі жөніндегі тәжірибе базалары жетекшілерінің пікірлерін атап өтуге болады.

Ұсыныстар

Бұл стандарт бойынша ұсыныстар жоқ

Өлшемдер бойынша ССК тұжырымдары: (күшті/ қанағаттанарлық/

жақсартуды қажет етеді/ қанағаттанарлықсыз)

күшті-4

қанағаттанарлық –0

жақсарту қажет-0

қанағаттанарлықсыз-0

6.4 «Оқытушылар мен білім беру тиімділігі» стандарты

Дәлелдеуші бөлім

Колледждің білім беру үдерісіне ауқымды жұмыс өтіліне ие педагогтар, ғылыми және академиялық дәрежесі бар оқытушылар, жоғары және бірінші санатты оқытушылар, жаңа білім беру технологияларын табысты меңгерген, жұмысын қоғамдық өмірмен шебер үйлестірген оқытушылар тартылады. Оқытушылардың семинарларға, конференцияларға, біліктілікті жоғарылату курстарына баруын қадағалау жүргізіледі.

Оқытушыларды жұмысқа қабылдау колледж директоры бекіткен штаттық кестемен сәйкестікте байқау негізінде жүзеге асырылады. Жұмысқа қабылданған қызметкерлер еңбек келісімшартына отырады, мұнда жұмыспен қамтушы мен жұмыскердің құқықтары, міндеттемелері, еңбек шарттары мен шұғылданушылығы сөз болады, оларды педагогикалық жұмыскерлер мен оларға теңестірілген тұлғаларға қойылатын біліктілік талаптарына сай лауазымдық нұсқаулықтармен таныстырады. Әрбір қабылданған жұмыскерге Т-2 формасы бойынша жеке карточка толтырылады. Жұмысқа қабылдау Қазақстан Республикасындағы паспорттық жүйе жөніндегі Ережелермен сәйкестікте қатаң бақыланады.

Күнтізбелік жыл басында кадр бөлімі меңгерушісі оқытушылардың біліктілігін жоғарылату жоспарын құрастырады, директорға біліктілікті жоғарылату курстарынан өткен оқытушылар тізімін ұсынады. Біліктілікті жоғарылату курстарынан өткен оқытушылар тізімін директор бекітеді.

5 жыл бойындағы оқытушыларды біліктілікті жоғарылату мен қамту 100% құрайды.

Колледжді басқару жүйелерін үздіксіз жетілдіру жүргізіледі. Біліктілікті жоғарылату курстарынан өтудің перспективалық жоспары құрылады, бұл жоспарға сай барлық педагогтар білім беру мазмұнын жаңарту мәселелері бойынша курстардан өтеді.

Колледжде білім беру сапасы тиімділігін кешенді бағалау жүйелі түрде жүзеге асырылады, педагогикалық ұжымның қызметіне бақылау жүргізіледі, оқытушы құзыреттілігі бағаланады. Бағалау формалары, әдістері мен өлшемдері әдістемелік және педагогикалық кеңес мәжілістерінде ақпараттық стендтер, колледж сайты арқылы оқытушыларға хабарланады.

Колледж жетекшілігі жас мамандардың кәсіби қалыптасуына лайықты назар аударады, әрбір жас оқытушыға білім беру үдерісін ұйымдастыруда әдістемелік көмек көрсету үшін тәжірибелі педагогтар қатарынан үйретуші бекітіледі.

Ашық оқу сабақтары, өзара сабаққа қатысу педагогикалық шеберлікті жоғарылату түрлері болып табылады. Ашық сабақ, оқытушының жұмысы жөніндегі ақпарат көзі, бұл оның өзін-өзі көрсету, өзін-өзі іске асыру тәсілі.

2013-2014 оқу жылында оқытушылар оқытудың әралуан түрлерін қолдана отырып 20 ашық сабақтар өткізген болатын.

2014-2015 оқу жылында ақпараттық қатысымдық технологияларды қолдана отырып 24 ашық сабақ өткізілді.

2015-2016 оқу жылында денсаулық сақтаудың өзекті мәселелерін пайдалана отырып арнайы пәндер бойынша 27 ашық сабақ өткізілген.

2016-2017 оқу жылында 23 ашық сабақ өткізілген.

2017-2018 оқу жылында 27 ашық сабақ өткізілді.

Соңғы 5 жыл ішінде 121 ашық іс-шаралар өткізілген.

Соңғы 3 жыл ішінде оқытушылардың жеке жоспарларын жүзеге асыру

табыстылығының өлшемдері келесі нәтижелер болып табылады:

Мерзімді басылымдарда: облыстық, республикалық, халықаралық мамандандырылған журналдар мен жинақтардағы жарияланымдар:

Оқу жылдары	Қалалық деңгейде	Облыстың деңгейде	Республикалық деңгейде
2017-2018 оқу жылы	5	9	20
2016-2017 оқу жылы	-	-	1
2015-2016 оқу жылы	-	7	-
Барлығы	5	16	21

Халықаралық, республикалық, облыстық конференцияларға, форумдарға, семинарларға қатысу-38, оның ішінде облыс деңгейінде -17, республика деңгейінде-21, халықаралық деңгейде -1.

Абу Али Ибн Сина медициналық колледжінде жыл сайын «Жылдың үздік оқытушысы» байқауы ұйымдастырылады, оған колледждің штаттағы оқытушылары қатысады. Байқау байқау жөніндегі Ережемен сәйкестікте ұйымдастырылып, өткізіледі, оның шеңберінде «Үздік оқытушы» атағына үміткерлер оқытушының, яғни байқауға қатысушының қызметінің сандық және сапалық көрсеткіштерін сипаттайтын құжаттарды (портфолио, ашық сабақтар және т.б.) ұсынады.

Колледжде педагогикалық жұмыскерлердің кәсіби қызметін бағалау бойынша рейтинг жүргізіледі. Рейтинг қорытындысы бойынша педагогтар оқу жылының соңында мадақтау хаттармен, алғысхаттармен және ақшалай сыйақылармен марапатталады. Нәтижесі педагогикалық кеңесте айтылады.

Оқытушының жұмыс жүктемесі оқу-өндірістік, әдістемелік, тәрбие жұмыстарынан тұрады. Жүктемеге сай күнтізбелік-тақырыптық жоспар құрылады.

Педагогтың кәсіби дамуының жеке жоспары құрастырылады. Педагогтың кәсіби дамуының жеке жоспары оқытушының оқу-әдістемелік, ғылыми-зерттеушілік, тәрбие және шығармашылық қызметінің жүйелілігі мен бірізділігін қамтамасыз етеді. Нәтижесінде оқу жылының соңына қарай оқытушылық қызмет нәтижесі қорытылады.

Талдау бөлімі

«Оқытушылар мен білім беру тиімділігі» стандарты бойынша біліктілікті жоғарылатудың жоғары деңгейін және эралуан мектептер мен шығармашылық сабақтарға баруды атап өтуге болады.

Колледжде барлық оқытушылар жоспарланған жүктемені орындайды. Кадрлық әлеует ББ ерекшелігіне сай, жас педагогтарды қолдау бойынша мақсатқа бағытталған жұмыс қамтамасыз етіледі.

Күшті жақтары/ үздік тәжірибе

- Колледждегі педагогикалық мамандарды іріктеу мен орналастыру педагогикалық біліктілік пен кәсіби жетілуді ескере отырып жүзеге асырылады. Оқытушылардың сандық және сапалық құрамын талдау біліктілік талаптарына, ББ мақсаттарына сай.
- Колледж оқытушыларының құқықтары мен міндеттемелері жыл сайын талаптармен сәйкестікте қарастырылып, талданатын лауазымдық нұсқаулықтармен регламенттеледі.
- ББ жетекшілігі педагогикалық ұжым қызметін бақылауды, педагог құзыреттілігін жүйелі бағалауды, білім беру сапасын кешенді бағалауды қамтамасыз етеді. Педагогтардың

- жұмыс жүктемесі іс-әрекеттің әралуан түрлерінен тұрады.
- ББ жетекшілігі педагогтардың жоспарланған жүктеменің барлық түрлерін орындауының дәлелдерін жариялайды.
- ББ жетекшілігі жас педагогтарды дамыту бойынша мақсатқа бағытталған іс-әрекеттерді қамтамасыз етеді.
- ББ жетекшілігі педагогтар мен жұмыскерлердің кәсіби және тұлғалық дамуының ынталандыру механизмдерін әйгілейді.
- Маңызды фактор педагогикалық ұжымның қоғам өміріне қатысуы болып табылады.

Ұсынылымдар

Педагогикалық қызметке жоғары мейірбикелік білімі бар мейірбикелерді, мейірбике ісі магистрлерін тарту.

Өлшемдер	бойынша	ССК	тұжырымдары:
(күшті/қанағаттанарлық/жақсартуды қажет етеді/қанағаттанарлықсыз)			
күшті-7			
қанағаттанарлық –0			
жақсарту қажет-0			
қанағаттанарлықсыз-0			

6.5 «Білім алушылар» стандарты

Дәлелдеуші бөлім

Материалдық-техникалық және оқу-әдістемелік мүмкіндіктерімен сәйкестікте медициналық колледж қабылданатын студенттер санын анықтайды. Студенттерді қабылдау келісімшарт негізінде жүзеге асырылады (оқыту құнын толығымен төлеу арқылы). Талапкерлермен колледж келісімшарт түзеді, онда тараптардың құқықтары, міндеттемелері мен өзара жауапкершіліктері, оқу –бәләм беру қызметтерінің құнын көрсетеді.

Оқытудың келісімшарттық түріне орта медициналық білімі бар мамандарды даярлауға қабылдау жоспары Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасымен келісіледі.

Жыл сайын колледждің қабылданған контингент көлемін анықтау үшін қала мен облыстағы медициналық ұйымдардан орта медициналық буын мамандарына деген қажеттілік сұратылады. Сондай-ақ денсаулық сақтау секторындағы кадрлық ресурстарды дамыту мен халықтың және тұтастай қоғамның денсаулық мұқтаждықтарын қанағаттандыру мақсатында реттестіру үшін жұмыспен қамтушылардың міндетті қатысуымен кеңес жүргізіледі.

